

"Жол қоры туралы" Алматы қаласы әкімінің 1994 жылғы 16 мамырдағы N 216 қаулысын жою туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 14 шілдедегі N 1791 қаулысын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 14 желтоқсан N 1410

"Жол қоры туралы" Алматы қаласы әкімінің 1994 жылғы 16 мамырдағы N 216 қаулысын жою туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 14 шілдедегі N 1791 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясы "Жол қоры туралы" Алматы қаласы әкімшілігінің 1994 жылғы 16 мамырдағы N 216 P940216_ қаулысы қабылдануына байланысты жинақтап қалған берешекті өтегенге дейін Алматы қаласының бюджетіне Республика жол

қорынан аударылуға тиісті төлемдер сомасынан Алматы облыстық әкімшілігінің жол қорына аударым жасасын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясына жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары